



EGEMEN QAZAQSTAN

Фариза... Фариза – жыр... Фариза – тағдыр...

– Әпке, артық билетіңіз жоқ па? Қанша болса да сатып аламын... – деп қиылды студент қыз.

– Жоқ, өзім де билет таппай, не істерімді білмей тұрмын, – деді бала жетектеген орта жастағы келіншек күмілжи.

Бұл – М.Әуезов театры алдындағы «Фариза» спектаклінің премьерасы күнгі көрініс. Алматыны қанша жерден мәдениеттің ордасы десекте, дәл осындай есікке ентелей ішке кіруге ұмтылған есепсіз көрерменнің қарасын көрмегелі көп болып еді. Қуандық һәм ойландық. Халық ақынын сағыныпты...



Сол сағыныш бізді де Арқадан Алатауға қарай асықтырған. Алып-ұшып жеткендегі мақсатымыз – «Фаризаны» көру, сахнадағы ақын жырымен, ақын мұңымен сырласу. Сол кештегі театрдың іші мен сыртын лық толтырған әр көрерменнің көңіл түкпіріндегі толқынысты сезім еді бұл. Әрқайсымыз ішіміздегі осы бір толғаныспен өз Фаризамызды іздеп театр табалдырығын аттадық.

Бұл күні халық көп жиналды. Жас та, кәрі де, ақын да, жазушыда, актер де, әнші де – театрға табаны жеткеннің барлығы қарашаңырақ төрінен табылды. «Фаризаны» көру үшін ғана республиканың түкпір-түкпірінен алмалы қалаға арнайы сапарлап келгендердің қарасында шек жоқ. Қойылымның тұсаукесері өнердің шын мәніндегі мерекесіне айналғандай. Иә, халық ақынын сағыныпты...

Демімізді ішімізге тартып, тағатсыздана шымылдық ашылар сәтті күттік. Ол да ұзақ тостырмады. Уәде етілген уақытта жарық сөніп, спектакль

басталып кетті. Сахна түкпірінен жауын астында малмандай су болған жалғыз бейне көрінді. Қуанғаныма, қиналғаны ма – кейіпкер көңіл күйін ажырату қиын. Ұзақ үнсіздіктен соң Фариза тіл қатты. Өлеңімен өмірге жан бітірді. Көпшілікке сыр ақтарды.

*Дара күндерімнің,
нала түндерімнің
Серігі болғаның үшін,
сенімі болғаның үшін
Мен сені аялап өтем, Өлең!
Азапты қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін.
Менің мынау қиындау
тағдырым болып
О баста көріскенің үшін.
Мен сені аялап өтем, Өлең!*

Өмірін өлеңге балаған Фаризаны өзгеше мүсіндеу мүмкін де емес еді. Осыны терең ұғынған автор Роза Мұқанова оқиға желісін пендауи, тұрмыстық қайшылықтардан алшақ әкетіп, Ақын мен Тағдыр арасындағы тартысқа құрады. Яғни Фариза жармақ бейнеге айналады. Екіге бөлінген бір-біріне кереғар әлем қойылым басталғаннан шымылдық жабылғанға дейін тартысып өтеді. Бірі – өнердің мәңгілік биігін көксесе, екіншісі – қарапайым әйел бақытын армандайды. Фариза кімді таңдайды? Неге басымдық береді? Бірді мыңға сата ма, әлде жалғыздың жолында барлығын құрбан ете ме?..

Қойылымда тағдыры – драмаға, трагедиясы философияға айналған Фариза бар. Ол – жалғыз. Дара! Дәл өмірдегідей, өлеңдегідей. Тартыс негізінен сыртқы күштен бұрын, Ақынның өз ішінде жүріп жатады. Кемпір бейнесіндегі Тағдыры да, ақбоз атты ханзада болып келген Ажалы да, Мұқағали бейнесіндегі шабыт пен даңқы, мойындау һәм мойындалуы да, көпшілік қаламгерлер, сыншылар қалпындағы – қабылданбауы да – барлығы – барлығы нәзік жүректі ақын жанын сан тарапқа сандалтады. Мұны сахнадағы кемпір кейпінде көрінген кейіпкер Тағдыр (Лейло Бекназар – Ханинга) да «Дарада дос болмайды» деп қадап айтады. Бірақ адамның бәрі пенде емес пе екен, сырын ұғар, жүрегін ашар жан іздеп аласұрған, қиналған ақын жаны ақыры ұлы достықты да, өмірлік серігін де, ағеден сырласын да Өлең дейтін тұңғыық әлемнен табады. Сөйтіп адам Фариза әйел болу, жар сүйу, ана атану несібесін өлең Фаризаның жолында құрбан етеді. Тіпті, өзі ғұмыр бойы аңсап, қиялында, жүрек түкпірінде аялап күткен ақбоз атты Арман ханзадасының өмірінің соңында Ажал кейпінде алдына келіп, қолын ұсынуын да ақын жатырқамады. Бар өмірін сарп етіп, сарыла тосқан Ажалын Аңсары деп таныған ғазиз жүрек ойланбастан өз таңдауын жасайды. Иә, сөйтіп пенде Фариза кетеді, Өлең – Фариза қалады... Мәңгілікке!

Міне, осы ойды жеткізуде драматург те, режиссер де ұтқыр формаларға батыл барады. Әсіресе, ақын жанының бар қатпарын ашуда автордың өткір

де бейнелі тілі драма бояуын өзіндік өрнегімен байытып, тілдік қолданысындағы ақ өлеңге айналған поэтикалық сөз саптауы спектакльге тамаша динамика үстейді. Өлеңі тағдырына, Тағдыры өлеңіне айналған Фаризаның жан әлемін ашуға басымдық береді. Осы арқылы оқиға шиеленісін ширықтырады. Нәтижесінде қойылым ә дегеннен көрерменін өзіне тартып ала жөнеледі. Сол екпін спектакль соңына дейін титтей де бәсеңсімейді. Әлбетте, бұл ең әуелі сөз құдіреті болса, одан кейін спектакльдің қоюшы режиссері Фархат Молдағалидің драматург ойын дөп танып оқи алуында һәм мағыналы сөзге сахналық сәулелі тағдыр сыйлай білгенінде деп білеміз.

Фархаттың бұған дейінгі бірнеше жұмысымен танысу мүмкіндігі бұйырғандықтан да, бұл «Фаризаны» «Қарагөз» трагедиясынан кейінгі режиссер қолтаңбасын өзгеше қырынан тануға мүмкіндік сыйлаған сәтті жұмыстарының қатарына батыл қосуға толықтай негіз бар. Қуантарлығы – Фархат өзінің үнемі шығармашылық ізденіс үстінде екендігін әр қойылымы арқылы дәлелдеп келеді. Бұл қойылымында да Фархат тосын, тамаша көркемдік шешімдерге барды. Әсіресе сахнада образды ой айту, оқиғаны символмен сөйлетудегі суреткерлік көзқарастары сүйсінтеді. Одан бөлек, техниканың соңғы жетістіктерін де қойылымда ұтымды ұштастыруы көңілге құрмет ұялатады. Мұны композитор Ренат Гайсиннің спектакльге арнайы жазған музыкасы тіпті әрлей түседі. Ренаттың жүрек көзінен өткізуіндегі ақын әлемнің нәзік иірімдері де, тартысты, тауқыметті, трагедиялы күйі де өз бояуында, өз интонациясында сәтті сарапталған. Әр эпизодтағы Фаризаның көңіл күйі мен сезімін сөйтіп композитордың сазды да жанды әуені сүйемелдеп, жаңа әсерлерге жетелеп отырады.

Өнерге ақсүйектік тән. Лайықты деңгейде рухани да, қаржылай да қолдау көрсетілмесе, қанша жерден талант үстемдік құрғанымен, сахнадағы бар мүмкіндігін толықтай паш ете алмақ емес. Мұны Айнұр Көпбасарова продюсерлік ететін «А+А» компаниясының айтулы жұмысы және бір мәрте айқын көрсетіп берді. Яғни «Фариза» мемлекеттік тапсырыс емес, толығымен жекеменшік компанияның өнімі болғандықтан да, қаржылық қолдаудың мол мүмкіндігі заманауи бағытта қойылған сапалы спектакльдің жаңаша тынысын ашты. Сахнадағы сценографиялық шешімдер мен техникалық мүмкіндіктердің жоғары көркемдік сапасы, жарық қою, музыка мен спектакльге таңдалып алынған актерлік құрам шеберлігі барлығы да – заманауи спектакль ізденістерінің жоғары деңгейін көрсетті. Продюсер Айнұр Көпбасарованың идеясы негізінде жүзеге асырылған айтулы жобаға қай саланың да «мен» деген сахна мамандары шақырылыпты. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының білікті де белгілі актерлері тартылды. Атап айтар болсақ, Фариза рөлін М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театрының актрисасы Назгүл Қарабалина сомдаса, елордадағы Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық Қазақ музыкалық драма театрының әртістері Лейло Бекназар-Ханинга – Кемпір, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбаев – Мұқағали рөлін сәтті сараптады. Ерлан

Кәрібаев Ажал бейнесінде көрінді. Көпшілік сахнадағы актерлер ансамблі де өзіндік біртұтастығымен бейнелі.

Әрине ауқымды жұмыс кемшіліксіз де болмаса керекті. Бұл тұрғыда біздің әттегенайымыз көбінесе актерлердің рөл сараптауына қатысты туындап отырды. Әсіресе поэтикалық репликаларды сіңіру мен өлеңде, сөзде айтылатын ойға екпін қоюдағы салғырттық, бәлкім асығыстық көркемдікке бай Мұқағали мен Фариза поэзиясын, астары мол Мұқанова мәтіндерін толыққанды ойға да, бойға да сіңіруге кедергі келтіргенін атап өтуге тиіспіз. Бәлкім, бұл премьерә күнгі толқу сезімінен туындаған уақытша құбылыс та болуы әбден мүмкін.

Сондай-ақ басты рөлдегі актриса Назгүл Қарабалинаның сараптауындағы Фариза бейнесі пьесада суреттелген кейіпкердің сан түрлі көңіл құбылуы мен болмыс бояуын өз рөліне толықтай көшіре алмағаны да әдеби негізбен таныс біз үшін образдың олқы түсіп жатқандығын аңғартып қойып жатты. Олай дейтініміз драматургтің мүсіндеуіндегі ақын болмысы түрлі тартыста түрлі күйге түсуі тиіс еді. Ол әсіресе, Тағдырымен кездесуінде басқа болса, Мұқағалимен сырласар тұсында бөлек, Ажалмен жолығар сәті мүлдем басқа бояуда бедерленсе керек-ті. Драматург өз жазбасы арқылы оқырманын сондай ойға жетелеген. Бірақ режиссер де, актриса да рөлдің бір-ақ түсті бояуын хош көріпті. Алайда мұның көрермен үшін бірсыдырғы әсер сыйлағанын ескерту парызымыз. Соның салдарынан да Фаризаның сахнадағы болмысы бірсарындылыққа бой алдырған. Әйтпесе, режиссер Тағдырды ғана маңайлай бермей, Ақынның Ажалмен кездесетін тұсына да екпін түсіргенінде, біз күтіп келген әсер тіпті құбыла, күшейе түсерме еді.

Тоқетерін түйер болсақ, аталған сынды ескермегенде, жалпы қойылым да, шығармашылық ұжым жұмысы да өз мақсатына жетті деп айтуға толықтай негіз бар. Ең бастысы, М.Әуезов театры сахнасында 18 жыл бойы репертуардан түспей, үзіліссіз қойылған «Мәңгілік бала бейне» (режиссері Болат Атабаев) шығармасын сүйіп тамашалаған алматылық көрермен сүйікті авторымен тура 22 жылдан кейін киелі сахнада қайта қауышты. Тек бұл жолы сахнаға «Мәңгілік бала бейнені» жазған балғын автор емес, «Фаризаны» тудырып, ақын жанымен тең отырып сырласқан, өлең әлемінен өзі таныған Фаризасын іздеген шығармашылық бабындағы, толысқан, толған Роза Мұқанова көтерілді. Алматы ақынын да, авторын да сағынышты. Үздіксіз соғылған шапалақ. Толастар емес...

Назерке ЖҰМАБАЙ

Тұлға жайында жазылған шығармалардың алды болды Тұңғышбай ЖАМАНҚҰЛОВ, Қазақстанның халық әртісі:

«Фаризаны» көрдік. Көріп көңіл қуанды. Драматургия жағынан да, режиссура мен сценография тұрғысынан да сәтті үндескен ерекше спектакль болды деп есептеймін. Соңғы уақыттағы тұлға тағдыры туралы жазылған шығармалардың алды болды десем, артық айтқандығым емес. Драматург Роза Мұқанованың қолтаңбасы, ой тереңдігі, тіл көркемдігі – барлығы сәтті үйлесім тапқан. Жалпы, Фариза апамыздың барлық өмірі өлеңдерінде жатыр ғой. Со ны автор драма тілінде сәтті өрген. Ре жис суралық формасы да өте жоғары деңгейде. Розаның көркемдік деңгейі биік шығармаларының бірі деуге болады. Жалпы, қойылым ұнады. Театр әлеміндегі соңғы уақытта қойылған көркемдік деңгейі жоғары, ойлан тарлық, жаңашыл, жақсы спектакль өмірге келді деп сеніммен айта аламын.

Фаризаның тағдыры – оқшау тағдыр Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы-драматург:

– Ең алдымен бізді таңғалдырғаны – премьерә күні билет жетпей сыртта қалып қойған халықтың іштегі көрерменнен көптігі. Оның себебі «Фариза» спектаклінің негізгі көрермені оның оқырмандары болғандығынан деп ойлаймыз. Жалпы, Фаризаның тағдыры – оқшау тағдыр. Аса талантты ақын бола тұра, бір басына жетерлік қасіреті де жетерлік. Оны айтудан мен сескенбеймін. Өйткені ақын өзінің өлеңдері арқылы бар сырын бүкпесіз айтып кеткен ғой. Сол қиындау тағдырдың қатпарларын ашуға ұмтылған драматург Роза Мұқанованың бұл жұмысы көңілден шықты. Ақын жанының тереңін ұңғығаны, драма желісін барынша бейнелі құруға ұмтылғаны ұнады. Қойылымдағы бізді елең еткізген тағы бір дүние – ол әрине драматургияға негізделген режис серлік қолтаңба. Режиссердің сол айрықша қол таңбасы Фаризаны ойнап жүрген актрисаның әрбір қимылынан байқалды. Фариза өмірде қалай жалғыз болса, сахнада да солай жалғыз жүрді. Біз көрген Фариза – жалғыздығымен бетпе-бет келген дара Фариза. Ақынның осы күйін берудегі режиссердің қолданған көркемдік шешімі мен ерекше стилис тикасы спектакльдің өн бойынан айқын сезіліп тұрды. Осы тұрғыдан келгенде жас режиссер Фархат Молдағали драматург Роза Мұқановаға өз деңгейінде жақсы теңавтор болды деп есептеймін. Яғни авторлық шешім режиссерлік оқумен сәтті үндескен тамаша жұмыстың куәсі болдық.

Драматургиядағы сенді бұзды Аманкелді МҰҚАН, театртанушы:

– Актерлік ойын, сахналық шешімге тоқталмас тан бұрын, мен ең әуелі драматургия жайлы сөз қоз ға ғым келеді. Өйткені Роза Мұқанованың «Фариза сы» бүгінгі драматургия заңдылықтарына жауап беретін шиеленісі ширақ, тартысы терең шын мәнінде жоғары деңгейлі пьеса болған. Өздеріңіз білетіндей, біздегі тұлға жайында жазылатын шығармалардың көпшілігі фактологияға құрылады ғой. Ондай спектакльдерден көркем сахналық туынды тамашалап емес, тұлға жайлы деректі журналды парақтап шыққандай әсерде қайтушы едік. «Фаризаның» ең әуелі осы сенді бұзғаны қуантты. Автордың ақын жанына үлкен сүйіспеншілікпен һәм жанашырлықпен келгендігі сезіледі. Фариза тағдыры онсыз да тартысқа, аңызға толы қызық тағдыр ғой. Әйтсе де соны берудегі драматургтің кейіпкерді жармақ кейіпке түсіруі ұнады. Яғни Фариза мен Тағдыры арасындағы тартыс өте сәтті шешімдердің бірі деп есептеймін. Жалпы, пьесада Фариза рөлін қалай ашам десең де мүмкіндік беретін шығармашылық кеңістік мол. Бірақ, өкі нішке қарай, соны режиссер толыққанды пайдалана алмай қалғандай көрінді. Салдарынан Фариза бейнесі бірсарынды сарапталғандай әсер етті. Ал жалпы алғанда, спектакль бар.